

## Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

<b>Жинақ</b>	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
<b>ISBN</b>	978-601-262-638-4
<b>Секция</b>	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.I. Тұрақты даму жағдайында экономика, қаржы және менеджмент салаларының цифрлық трансформациясы / Цифровая трансформация сфер экономики, финансов и менеджмента в условиях устойчивого развития
<b>Жинақтағы рет нөмірі</b>	№ 041
<b>Мазмұндағы беті</b>	190
<b>Жарияланған беттері</b>	190-196
<b>Автор(лар)</b>	Хайруллина Гульжан Рахметуллаевна
<b>Мақала атауы</b>	АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ САПАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМГЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ
<b>Мазмұндағы жазылуы</b>	Хайруллина Г.Р., Бисембиева Ж.К. АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ САПАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМГЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

**«АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ САПАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМГЕ  
ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ»**

**Хайруллина Гульжан Рахметуллаевна**


bissembiyeva79@bk.ru

« Бизнес экономикасы» білім бағдаламасының 1 курс магистранты

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекші, э.ғ.м., сеньор-лектор Бисембиева Ж. К.


Адами капитал елдің тұрақты дамуы мен экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі факторы болып табылады. Адами капитал дегеніміз адамның өнімділігі мен жаңашылдық қабілетін анықтайтын білімдер, дағдылар, қабілеттілік, денсаулық пен адам бойындағы құндылықтардың жиынтығы көрсетеді.

Адам әрқашан философиялық білімнің орталығында болды, ойлау мен рефлексияның негізгі ортасын көрсетеді. Алайда, экономика саласында адамның нақты тәжірибелік іс - әрекеті көрінеді, оның бастамасына кеңістік ашылады.



Сурет 1. Адами капитал мәселесінің тұжырымдамалық және теориялық дамуы

Халықаралық тәжірибеде адами капиталдың сапасын өлшеу үшін бірқатар интегралды индикаторлар қолданылады. Ең жиі кездесетіні – адам дамуының индексі (HDI): үш компонентті қамтиды – денсаулық, білім және өмір сүру деңгейі.




Сурет 2. – Адам дамуының индексі (HDI) компоненттері

Адам дамуының индексі (HDI) – ағылшын тілінен. Human Development Index (HDI) – Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасымен есептелетін, адамның дамуын, әлемнің барлық елдеріндегі өмір сапасы мен деңгейін сипаттайтын көрсеткіш. Бұл индекс әлем елдері азаматтарының өмір сүру деңгейін көрсететін ең тиімді индикаторлардың бірі болып табылады. Әр түрлі елдердің беделді басылымдары адам дамуының индексі объективті көрсеткіш деп санайды.


Дүниежүзілік банк сонымен қатар білім сапасы мен денсаулығын ескере отырып, бүгінгі күні дүниеге келген баланың күтілетін өнімділігін көрсететін адами капитал индексі (HCI) әзірледі.

Адами капитал индексі (HCI) – бұл баланың денсаулық пен білімнің болашақ еңбек өнімділігіне қосқан үлесін өлшейтін көрсеткіш. бүгінгі күні туылған баланың денсаулық пен толық білімнің эталондық деңгейімен салыстырғанда өз әлеуетін қаншалықты толық қолдана алатындығын көрсетеді. Адам капиталының индексі (HCI) мемлекетке адами капиталдың жеткіліксіз дамуы жағдайында жалпы кірістердің жоғалуын бағалауға және жағдайды жақсарту жолдарын анықтауға көмектеседі.



Сурет 3. Адами капитал индексі (HCI) компоненттері

**Адами капитал индексі (HCI)** үш негізгі компонентке негізделген: өмір сүру деңгейі: 5 жасқа дейін өмір сүру мүмкіндігі; Білім: бала күте алатын оқу жылының Саны және сол білімнің сапасы; Денсаулық: болашақ еңбек өнімділігіне әсер ететін денсаулық көрсеткіштері.



**Неліктен Адами капитал индексі (НСІ) маңызды:**



**Сандық:** НСІ мемлекетке денсаулық пен білімге салынған инвестициялардың Болашақта еңбек өнімділігіне қалай әсер ететіні туралы нақты сандық түсінік береді.

**Стратегиялық жоспарлау:** үкіметке денсаулық пен білім деңгейін жақсартудың ең тиімді шараларын, сондай-ақ ресурстарды қайда бағыттау керектігін анықтауға көмектеседі.

**Шығындар мен пайданы бағалау:** мемлекетке адами капиталдың жеткіліксіздігінен қанша кіріс жоғалтатынын және бұл шығындарды кідіріссіз әрекет ете отырып, пайдаға қаншалықты тез айналдыруға болатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Материалдық активтерден айырмашылығы, адами капитал өзін-өзі дамыту және көбею қабілетіне ие, бұл жаһандық экономикадағы мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын факторға айналуға. Адами капиталдың сапасы инновациялық белсенділік деңгейінде, еңбек өнімділігінде, экономиканың тұрақтылығында және, сайып келгенде, халықтың өмір сүру деңгейінде тікелей байланысты. "Адам капиталы" термині алғашында Т.Шульц пен Г. Беккердің еңбектерінде танымал болды, олар адамның білімін, дағдылары мен денсаулығын физикалық капиталға салынған инвестициялармен салыстыруға болатын негізгі салым ретінде қарастырды. Алайда, қазіргі мағынада адами капитал тек білім беру және кәсіби дайындық объективі арқылы ғана емес, сонымен қатар денсаулық, мәдени құндылықтар, шығармашылық, әлеуметтік байланыстар және инновация қабілеті сияқты категориялар арқылы қарастырылады.

Адами капиталдың сапасы - бұл адамдардың экономикалық, мәдени құндылық жасау қабілетін анықтайтын сипаттамалардың жиынтығы. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл Мемлекеттің дамуына әсер ететін және экономиканың бәсекеге қабілеттілігімен тікелей байланысты халықтың білімі, дағдылары, денсаулығы мен әлеуметтік белсенділігінің деңгейі. Ал бұның өзі ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсуінің және халықтың өмір сүру сапасының факторы болып табылатындығы айқын.

БҰҰ Даму Бағдарламасының деректері бойынша Қазақстан адам дамуы индексінің деңгейі жоғары елдер тобына кіреді, 2023 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (UNDP) (HDI = 0,837) рейтингінде 60-шы орынды және 2024 жылы 193 елдің ішінде 67-ші орынды иеленген.

Қазіргі күнде де Қазақстанда адами капиталдың сапасын арттыру үшін басты сын-қатерлер: цифрлық трансформация жағдайында білім беру жүйесін жаңғырту қажеттілігі. Әсіресе ауылдық өңірлерде медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру; үздіксіз білім беру және кадрларды қайта даярлау жүйесін дамыту; ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті ынталандыру болып қала бермек. Бұл ретте білім және салаутты қоғамды қалыптастыру, яғни басым бағыт тұлғаның зияткерлік және креативті әлеуетін дамыту болып табылады.

Жоғары білім: жоғары біліммен жалпы қамту көрсеткіші (gross tertiary enrolment) 2023 жылы 56,5% құрады, бұл 2022 жылғы 58,9% - дан сәл төмендеді. Соңғы онжылдықтардың динамикасы 2000 жылдардың басынан бастап қол жетімділіктің өсуін көрсетеді, алайда соңғы жылдары тұрақтандыруды қажет етіп отыр.




Диаграмма 1. Қазақстандағы жоғары біліммен қамсыздандыру, %

Кесте 1- Қазақстандағы білім беру көрсеткіштерінің деңгейі

жылдар	Жоғары біліммен қамту (%)	Орташа білім алу ұзақтығы	Күтілетін білім алу ұзықтығы
2000	28	10,1	13,0
2005	33	10,6	13,3
2010	40	11,1	13,6
2015	48	11,6	13,8
2020	59	12,2	14,0
2023	56	12,5	13,7

Ескерту – Дүниежүзілік банк, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы деректері негізінде автор құрастырған.

Суретте 23 жыл ішінде білім алуға деген көзқарас өзгергенін, жоғары біліммен қамту 28% - ға артқанын және оқу жылдары да артқанын көруге болады. Бұл шындықтың алғышарттарына байланысты құзыреттілікті күшейту қажеттілігімен байланысты. Өмірлік шындықтың өзгеруі білім алудың өзгеруіне әкелді.

Осылайша, Қазақстан базалық білім берудің жоғары деңгейіне ие, бірақ білім беру бағдарламаларының сапасына, өңірлік айырмашылықтарға және білім берудің ғылыми

зерттеулермен және инновациялық экономикамен жеткіліксіз интеграциялануына байланысты проблемалар әлі де сақталып отыр.

Білім индексі 0,806 құрады, бұл табыс индексінен төмен (0,866), жан басына шаққандағы ЖҰӨ – 30 989 \$ (PPP, 2017), 2023 жылы Еңбек өнімділігі 4,6% - ға өсті, 2024 жылы ЖІӨ өсімі 4,8% -. құрады. Табыстың өсуі HDI-ге оң әсер етеді, бірақ оның үлесі білім мен денсаулықтан төмен. Қазақстанның адами капитал индексі 0,63 құрады, бұл ЭЫДҰ бойынша орташа деңгейден (0,75) төмен. Бұл дегеніміз, бүгін туылған нәресте өзінің әлеуетті өнімділігінің тек 63% жетеді.

Кесте 2. Адами капитал индексі: Қазақстан және ЭЫДҰ елдері

Елдер	Адами капитал индексі HSI	Өнімділік (%)
Қазақстан (2020)	0,63	63%
ЭЫДҰ елдер арасындағы орташа көрсеткіш	0,75	75%
Сингапур (лидер)	0,88	88%

*Ескерту-автор World Bank, UNDP (United Nations Development Programme, OECD, ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде құрастырған.*

2023-2024 жылдарға арналған деректер бойынша Қазақстанда өмір сүру ұзақтығы 75,4 жылды құрады (ерлер — 71,3 жас, әйелдер — 79,4 жас). Салыстыру үшін, бұл көрсеткіш 2000 жылы 67 жастан аспады, бұл айтарлықтай ілгерілеуді көрсетеді. Өлім-жітімнің негізгі себептері болып табылатын жүрек-қан тамырлары және онкологиялық аурулардың жоғары үлесі сақталуда, ана мен бала өлімінің тұрақты төмендеуі байқалады, алайда көрсеткіштер ЕО елдеріне қарағанда әлі де жоғары. Денсаулық сақтау саласына инвестициялар: шығындар ЖІӨ-нің шамамен 3,3% құрайды, бұл дамыған елдерге қарағанда төмен (ЖІӨ-нің орташа 6-8%).

Кесте 3. Қазақстандағы халықтың денсаулығының негізгі көрсеткіштері (2000-2023 жж.)

Көрсеткіштер	2000	2010	2020	2023
Өмір сүру ұзақтығы	67,0	70,5	74	75,4
Ерлер	62,0	66,8	70,5	71,3
Әйелдер	72,0	74,2	77,5	79,4
Бала өлімі (дүниеге келген 1000 балаға шаққанда)	20,4	15,2	9,1	8,2
Денсаулық сақтау саласына жұмсалған шығын (ЖІӨ %)	2,0	2,5	3,1	3,3

*Ескерту – автордың деректері Дүниежүзілік банк, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы және Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы негізінде құрастырылған.*

Жеке адамның денсаулығы адам капиталы сапасының негізгі факторы болып табылады. Дені сау жұмысшылар жоғары тиімділікті, аурушандықты және белсенділік деңгейін жоғарылатады. Өмір сүру ұзақтығының өсуі экономикалық белсенді кезеңнің кеңеюіне ықпал етеді, сондықтан денсаулық деңгейі жақсы оқушылар мен студенттердің жақсы нәтижелерге қол жеткізуі маңызды, бұл білім беруге инвестициялардың әсерін күшейтеді, алайда медициналық қызметтерге біркелкі қол жетімділік адами капиталдың жалпы әлеуетін төмендетеді.

Ел Президенті Қ. Қ. Тоқаев 2020 жылғы 1-ші қыркүйек айындағы Жолдауында «Жаңа жағдайдағы экономикалық даму» бағытының негізгі жеті қағидатының бірі ретінде адами капиталды дамытудың маңыздылығын атап өтіп, оны ел дамуының негізгі күші ретінде белгілеген болатын. Айта кету керек, халықтың әл-ауқатын жақсарту және өмір деңгейін көтеру мәселелері түрлі мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттарда үнемі көтеріліп, орта- және ұзақ мерзімді перспективаға қойылды.

Мемлекет тарапынан сапалы адам әлеуетін қалыптастыру факторларын белсендіру бойынша шаралар қабылданып жатқан жоқ деп айтуға болмайды. Мысалы, 2019

жылдан бастап жүзеге асып келе жатқан Қазақстанның 2025 жылға дейінгі даму Ұлттық жоспары аясында адам әлеуетін қалыптастыру мен дамытуды жандандыру үшін жалпыұлттық басымдықтар айқындалды:

- Әділ әлеуметтік саясат, оның мақсаты халықты өнімді еңбекпен қамту, әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік жәрдемақылар бойынша барлық міндеттемелерді орындау және отбасыларды қолдауға бағытталған;

- Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі, денсаулықты жақсарту, қолдау және қалпына келтіруді қамтамасыз ететін тұрақты денсаулық сақтау жүйесінің дамуын көздейді;

- Сапалы білім беру, бұл еліміздің әлеуметтік-экономикалық жүйесін модернизациялау бағытына сай, Индустрия 4.0 стратегиясы аясында ғылыми-инновациялық фактордың ұлғаюын ескере отырып іске асырылуы тиіс.

Қазақстанның 2025 жылға дейінгі даму Ұлттық жоспары аясында адам әлеуетін қалыптастыру мен дамытуды жандандыру үшін жалпыұлттық басымдықтар айқындалды:

Әділ әлеуметтік саясат, оның мақсаты халықты өнімді еңбекпен қамту, әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік жәрдемақылар бойынша барлық міндеттемелерді орындау және отбасыларды қолдауға бағытталған;

Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі, денсаулықты жақсарту, қолдау және қалпына келтіруді қамтамасыз ететін тұрақты денсаулық сақтау жүйесінің дамуын көздейді;

Сапалы білім беру, бұл еліміздің әлеуметтік-экономикалық жүйесін модернизациялау бағытына сай, Индустрия 4.0 стратегиясы аясында ғылыми-инновациялық фактордың ұлғаюын ескере отырып іске асырылуы тиіс

Бұл шаралар экономиканың макро-, мезо- және микро деңгейлерінде бәсекелестік артықшылықтардың өсуіне бағытталғанын ескере отырып, адам капиталының тұжырымының экономикалық және әлеуметтік тиімділігін арттыру үшін арнайы қағидаларын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды енгізуге мүмкіндік береді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Тоқаев Қ.ЗН. Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм [Address to the people of Kazakhstan" fair Kazakhstan: law and order, economic growth, public optimism]. Қазақстан халқына Жолдауы, 2024 жыл 1 қыркүйек [Elektronдық resurs] — URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adilet-ti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikal-yk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659> (accessed:02.09.2024) [in Kazakh]

2. Kazakhstsn Respublikasy Prezidentinin 2013 жылғы №1385 Жарлығымен бекітілген «Kazakhstannyn alemin en ddamigan 30 memleketinin katarina kirui zhonindegi tuzhyrimdama» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001385>

3. Equitable Human Capital Is a Top Priority for Kazakhstan. PRESS RELEASE WORLD BANK, April 29, 2021 [Elektronnyj resurs] — URL: <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/news/press-release/2021/04/29/equitable-human-capital-is-a-top-priority-for-kazakhstan> (accessed:04.03.2025) [in English]

4. Human Capital Project - Kazakhstan Human Capital Index 2020. October 2020 [https://databankfiles.worldbank.org/public/ddpext\\_download/hci/HCI\\_2pager\\_KAZ.pdf?cid=GGH\\_e\\_hcpexternal\\_en\\_ext](https://databankfiles.worldbank.org/public/ddpext_download/hci/HCI_2pager_KAZ.pdf?cid=GGH_e_hcpexternal_en_ext) (accessed:19.08.2025)

5. <https://24.kz/ru/news/economy/item/394815-predlozheniya-na-rynke-truda-prevyshayut-spros>

6. Интернет ресурсы: <https://kursiv.kz/news/obshchestvo/2021-09/zhenschiny-v-kazakhstane-zarabatyvayut-v-srednem-na-25-menshe-muzhchin>

7. Интернет ресурсы: <https://kursiv.kz/news/rynki/2020-04/v-kazakhstane-nablyudaetsya-disbalans-mezhdu-sprosom-i-predlozheniem-na-rynke>

**СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ/ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И  
ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ**

**СЕКЦИЯ IV. II ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ  
ЖҮЙЕНІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ**